

Тұрақты даму саласындағы студенттердің ғылыми әлеуетін дамыту:

«Климаттық өзгерістер жағдайындағы жасыл экономика: сын-қатерлер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми жұмыстар байқауына қатысу

«Экономика, менеджмент және маркетинг» білім беру бағдарламасының студенттері Искаков Артур, Арпабаев Аблайхан, Золотарев Игорь және Куценко Георгий «Климаттық өзгерістер жағдайындағы жасыл экономика: сын-қатерлер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми жұмыстар байқауына қатысты. Бұл байқау білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға және өзекті экологиялық әрі экономикалық мәселелерді шешудің заманауи тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған.

Байқау аясында қатысушылар тұрақты даму мәселелеріне, «жасыл» экономика қағидаттарын енгізуге, сондай-ақ климаттық өзгерістердің әлеуметтік-экономикалық үдерістерге әсерін талдауға арналған ғылыми жұмыстарын ұсынды. Зерттеулер тақырыптарының өзектілігімен, теориялық негізділігімен және ұсынылған шешімдердің практикалық маңыздылығымен ерекшеленді.

Студенттердің байқауға қатысуы олардың ғылыми білімдерін тереңдетуге, талдамалық және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ экологиялық ойлау мен жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етті. Алынған тәжірибе білім алушылардың жоғары дайындық деңгейін және қазіргі жағдайда тұрақты даму саласындағы міндеттерді шешуге дайын екенін көрсетеді.

